

ТУРСЫНБЕК
КӘКІШЕВ

СЫН
САПАРЫ

ТҰРСЫНБЕК КӘКІШЕВ

СЫН САПАРЫ

монография

Қазақ әдебиет сынының тууы хақында

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ — 1971

Филология ғылымының докторы, сыншы Тұрсынбек Қәкішев — қазақ әдебиеті тарихын зерттеуге атсалысып жүрген белгілі ғалымдарымыздың бірі. «Сын сапары» аталатын бұл кітапта автор әдебиеттану ғылымында бұрын көп сөз болмаған тың тақырыпты көтереді. Октябрьге дейін қазақтың сыншыл ойының тууы, оның бірте-бірте жанр ретінде бой көрсетіп аренаға шығуы — монографияның негізгі арқауы. Зерттеуші өз пікірін тарихи фактілерге сүйене отырып, ұтымды дәлелдейді.

КІРІСПЕ

Қазақ әдебиеттану ғылымы қазір қарқынды өркендеу дәуірінде. Әдебиеттің даму процестерін, жанрлық өсіп-өркендеу мәселелерін жан-жақты зерттеудің өзі эстетикалық талап-талғамның жетілгендігін, әдебиеттану ғылымының іштей жіктеле өскендігін ғана емес, маркстік-лениндік іліммен қаруланып, үлкен түйіндеулер мен қорытындылар жасай алатын маман кадрлардың жасақталғанын көрсетеді.

Жеке авторлардың ғылыми-зерттеу еңбектері мен сын мақалаларының жинақтарын айтпай-ақ қойғанның өзінде, қазақ әдебиетінің алты томдық тарихының жасалып, әдеби-ғылыми әлеуметтің кәдесіне жарауы, аз уақыт ішінде «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі» екі рет жазылып, бүкілодақтық зиялылар қауымынан көтеріңкі баға алуы, қазақ әдебиет тарихының орыс тілінде үш том болып жарияланбағы — ғылыми-творчестволық табыстың көрсеткіштері.

Қазақ әдебиеттану қазір нақты проблемаларды зерттеу ісіне ойысып, әдебиеттің ішкі даму заңдылықтарын, жанрлардың ерекшеліктері мен олардың жетілу жолдарын анықтау мәселелеріне батыл қадам жасап отыр. Бұлардың теориялық та, практикалық та мәні зор.

Әдебиет жанрларының туу, жетілу, қалыптасу процестерін жеке-жеке зерттеу, сайып келгенде, жалпы әдебиеттің туу, қалыптасу, профессионалдық жолмен өркендеу мәселелерін шешіп алуға мүмкіндік береді. Сондықтан проза, поэзия, драматургия жанрларымен қатар, әдебиет сынының басып өткен жолдарын, туу-жетілу, қалыптасу процестерін, кездескен қиындықтар мен жасаған қате-кемшіліктерін қарастырып, оның өз тарихына көз жіберу айрықша қажет.

Өйткені, әдебиеттің басқа жанрлары өзінің ішкі түр, нақыштары жөнінен тарамдана зерттеліп жатқанда, сол игі істі жүзеге асырып отырған сын жанрының өзі тасада қалып қояы орынды болмақ емес.

Қазақтың әдеби сыны мен ғылымының басқа жанрлар сияқты өзіне тән творчестволық та, ғылымдық та проблемалары бар. Оның басынан өткерген тарихы да бар. Демек бұл жанрдың творчестволық проблемалары арнайы зерттелуге тиіс.

Қазақ әдебиет сыны мен ғылымының басып өткен тарихи бел-белестерін тұтастай шолған уақытта үш кезенді анық байқаймыз.

Бірінші кезең — қазақ әдебиет сынының туу дәуірі. Қазақ әдебиет сынының туу процесі Ұлы Октябрь революциясына дейін созылған.

Екінші кезең — қазақ әдебиет сынының жанр ретінде қалыптасу және әдебиеттану ғылымының туу кезеңі. Бұл процес 1917—1941 жылдардың арасын қамтиды.

Үшінші кезең — қазақ әдебиет сынының өсіп-өркендеу және әдебиеттану ғылымының қалыптасу дәуірі. Бұл процесті шамамен 1941—1967 жылдар аралығымен шектеген жөн. Уақыт мерзімін межелеуде белгілі шарттылық бар екенін ескерткен уақытта, қазақтың сыншылық ой-пікірінің туу, қалыптасу, өсіп-өркендеуінің белгілі бір кезендері болғаны айдан анық.

Қазақ әдебиет сыны мен ғылымының өсіп-өркендеуінің соңғы екі кезеңі пәлендей шүбә-күдікке арқау болмағанымен, бірінші кезең, яғни Октябрь революциясына дейін қазақ әдебиет сынының туу дәуірі әрқилы ой-пікір ауқымында екенін жасыра алмасақ керек.

Бұл жөнінде қалыптасып қалған кейбір ой инерциясын айтып жатудың қажеттігі шамалы. Қоғамдық сананың әрбір саласы, әсіресе қазақ әдебиеті жанрларының жай-күйі мен тарихы ғана емес, тіпті ешбір шүбә-күдік тудырмайтын, тарихи желісі үзілмеген мәселелердің өзі Октябрьден кейін жаңа сапалық қасиеттерге ие бола бастағанына қарап, оны соңғы кезде ғана туды, бұрын болмаған еді дегенді үйреншікті дағдыға айналдырған кезіміз де жоқ емес. Соны әдебиет жанрларына жақындата баяндағанда, қазақтың әдебиет сыны революцияға дейін болған емес, ол төңкерістің берген олжасы деген пікірді нығырта айтуды мақұл көреміз. Мұның өзі аксиомаға айналған пікір. Сондықтан да ғылыми дәлелдерге негізделмеген осы тұжырымды кім айтты, қашан айтты, қалай айтты деген мәсе-

лелерді қазір қазып жатудың еш қажеттігі жоқ және ғылым үшін оның пәлендей пайдасы да жоқ.

Ал осы тұжырымнан айырылғысы келмей, әр нәрсенің туу, өсіп өркендеу тарихын зерттеуге салғыртсынып, енжар қарайтындар табыла қалатын болса және Октябрьге дейін қазақ әдебиеті тек жалғыз ғана жанрда — поэзия жанрында өркендеп келді, қазақ халқының екі ғана проценті сауатты болды, баспасөзі болмады дегенді тілге тиек еткісі келетіндер болса, оған тек нақты деректермен ғана жауап берген орынды. Міне сондықтан да қазақтың әдебиет сыны революцияға дейін туды ма, сол жанрдың элементі болып есептелетін қандай материалдар бар деген түбегейлі мәселелерді алдын-ала дау-дамайға салмай, тарихи әдеби деректермен көрсеткен жөн.

Өйткені, талай ғасырдан бері ауыз әдебиетінің небір тамаша үлгілерін жасаған халықта эстетикалық критерий, көркемдік талап-талғам болмады дегеннің шындыққа жанасымы бар ма? Бұқар жырау, Махамбет сияқты жеке творчествоның өкілдерін ескермеген күннің өзінде, Абай сияқты кемеңгердің поэтикалық шығармалары бір халықтың көркемдік танымы мен түйсігіне ешқандай әсер етпеді деп кім айтпақ? Жарайды, әсері болмады деп сендірейік, бірақ одан табар пайдамыз не болмақ? XX ғасыр басындағы ағартушы-демократ жазушылардың ерен еңбектерінің сыншылдық ой-жүйесін былай қойғанда, халықтың эстетикалық талап-талғамын тәрбиелеудегі игі істерін қайда қоймақпыз?

Сонсын, XIX ғасырдың екінші жартысынан Октябрь революциясына дейінгі аралықта қазақ тілінде әрқилы мәселелер бойынша төрт жүзге тарта (оның ішінде әдеби шығармалар да бар) кітап, жинақтардың шыққандығын, мерзімді баспасөз органдары — газет-журналдар үздік-создық болса да шығып тұрғандығын, қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік, эстетикалық ой-пікірлерін оятуға олардың септігі тигендігін қайда жібермекпіз?

Халық болған жерде творчестволық өмір бар, өнер бар, белгілі көзқарас, эстетикалық талғам бар. Сол халық тек ауыз әдебиетінің үлгілерімен ғана шектеліп қалмай, жазба әдебиет туындыларын қабылдап, өзгеше бір көркемдік адым жасап жатса не істемекпіз? Осының бәрі де ойландыратын мәселелер.

Қазіргі қазақтың сыншылық ойы мен әдебиеттану ғылымы мұндай мәселелерден іргесін аулақ салмай, оның құпия сырларын ашуға, дүниеге келген әрбір көркемдік

құбылыстың себебін табуға, өсіп-өркендеуге, жетіп-толысуға қандай қажеттік болғандығын, ненің тежегендігін, ненің өріс алуға мүмкіндік бермегенін, қандай әлеуметтік, эстетикалық өреге қол созғандығын, айтары мен насихаттарының не болғандығын саралап алуға міндетті. Әрине, мұның шешімі игі тілекпен ғана толыспай, нақты деректер мен материалдарға негізделуі тиіс.

Қазақ әдебиет сынының туу процесін зерттеген уақытта осындай ғылыми-эстетикалық сауалдар мен сұрақтар өзінен өзі бой көрсетіп, шешуін тілейді. Мұның кейбіреуін өзімізге өзіміз қолдан жасап алған қиындықтар десек, енді кейбіреулері «таза техникалық», творчестволық ауыртпалықтарға да байланысты туып, шешімін күтуде.

Әдеби сынның туу, қалыптасу проблемалары тек творчестволық мәселелермен ғана емес, саяси-әлеуметтік мәселелермен де тікелей байланысып жатқанын ескерген абзал. Сондықтан біз өз еңбегімізде маркстік-лениндік методологияға арқа сүйеп, оның кемеңгер қағидаларын қазақ әдебиетінің шындығына жанасымды пайдалануымыз, сонымен қатар орыстың ұлы сыншылары Белинский, Добролюбов, Чернышевский, Писарев, Плеханов, Луначарскийдің тарихи еңбектерінен үлгі-өнеге алып, осы зерттеп отырған мәселеге тікелей жөн-жоба сілтейтін құнарлы ойлары мен тұжырымдарын әрдайым ескеріп отыруымыз қажет.

Өнегесі мол, озық дәстүрі қалыптасқан орыс әдебиетшілерінің Октябрь революциясына дейінгі орыс сынының тарихын жазып шығарғанын, латыш әдебиетінің көрнекті қайраткері Андрей Упиттің социалистік реализм мәселелеріне арнаған көлемді еңбегі, Бурсовтың сыншы Чернышевскийдің шеберлігі туралы кітабы, әр ұлт әдебиетінде сыншылық ойдың ояну процесін зерттеген бірді-екілі диссертациялар бар болса, соңғы үш-төрт жылдың ішінде әдебиет сыны мен ғылымы жайында талай соны да көлемді кітаптар шығып, әрбір халықтың эстетикалық талап-талғамын қай өңірден зерттеу қажеттігін айқындай бастады.

Әдебиеттану ғылымының жалпы методологиялық мәселелері мен эстетикалық ой-пікірдің тарихына шолу жасаған жинақтар, В. Гусевтің, П. Мезенцев, Г. Фридендер, В. Гоффеншефер, С. Машинский, А. Лебедев, А. Елкин, П. Николаев, А. Бушмин, Ю. Андреев, К. Зелинский, В. Щербинаның, С. Петровтың, болгар ғалымы Н. Стефановтың және «Вопросы литературы» журналында соңғы жылдары жарияланған еңбектердің барлығы да эстетиканың өзекті мәселелерін, әдеби сын мен әдебиеттанудың

туып, өркендеу проблемаларын жан-жақты сөз еткенін көреміз. Сондай-ақ ұлт республикаларында сынның тарихын, әдебиеттанудың өркендеуін зерттеуге арналған бірқыдыру еңбектер жарық көрді. Солардың ішінен И. К. Чаплянның «Украинның революцияшыл-демократтық әдеби сыны» туралы докторлық диссертациясын, Белорусс ғалымы И. В. Гуторовтың «Совет әдебиеттануының негіздері» туралы оқулық жазғанын, түркі тіл әдебиеттерінің ішінен әзербайжан сынының тарихын зерттеген Камал Талыбзаданың еңбектерін айрықша атау шарт. Өйткені әзербайжанның әдебиет сыны бірқыдыру мол зерттеліп, арнаулы пәнге айналып, жоғарғы оқу орындарында оқытылып жатқандығы бір болса, екінші жағынан, әзербайжан әдебиеті тарихынан сүбелі орын алып, әрбір әдеби дәуір-кезеңге сай баяндалып келе жатқанын көреміз.

Қазақ әдебиеттану ғылымы бұл салада құр алақан, ештеңе істелмеді деуге келмегенімен, үлкен де құнды зерттеулер мен монографиялардың әлі жарық көре қоймағанын айтуға тура келеді. Әдебиет сыны мен ғылымының бүгінгі жай-күйін сөз арасында болсын не арнайы мақала көлемінде болсын әңгімелеу, оларға кінә-мін тағу тұрғысынан бірқыдыру ой-пікірлердің газет-журнал бетінде айтылғаны мәлім. «Қазақ әдебиеті» газеті анда-санда бүгінгі сынның актуалды мәселесін көтермек болып, пікір ұйымдастырған кезі аз емес. Сынның тарихын, оның күрделі проблемаларын, өсіп-өркендеу мәселелерін түбегейлі әңгімелеуге барар жолды барлау да жоқ емес. Әсіресе Октябрь революциясының 50 жылдығын мерекелеу қарсаңындағы мақалаларда әдебиеттің әр жанрындағы табыстарымызды жиынтықтау, қорытындылау бағытында сын мен әдебиеттанудың пайдасына айтылған, кәдеге асарлық пікірлер де жарық көрді. Әрине, олардың кезеңдік қана сипаты болғанымен, белгілі бір жанрдың туу, өсіп-өркендеу жолын бірсыдырғы аңғаруға мүмкіндік береді. Соның ішінде Қазақ Совет әдебиетінің тарихына арналған «Қазақ әдебиеті тарихының» III томының I және 2 кітаптарында шолу түрінде жинақтай пайымдалған пікірлердің орны өзгеше. Қазақ сынының жанр ретінде қалыптасу, өсіп-өркендеу, қарышты адымдар жасауы жайында қысқа да тұжырымды ой-пікірлердің тарихтан орын алуының өзі үлкен мәнді құбылыс.

Сондай-ақ, қазақ әдебиетшілерінің әр кезде жазған мақалалары мен жинақтарында сынның бүгінгі жай-күйі, оның творчестволық проблемалары Е. Ысмайыловтың, М. Қаратаевтың, Б. Кенжебаевтың, Қ. Жұмалиевтың, А. Нұрқатов-

тың, С. Қирабаевтың, Р. Бердібаевтың, Б. Сахариевтың, Қ. Қуандықовтың, М. Дүйсеновтің және басқа авторлардың еңбектерінде арнайы сөз болғанымен де, сын мен әдебиеттанудың тарихи даму жолдарын жүйелеп берді деуге келмейді.

Қазақ әдебиет сынының туу, қалыптасу процесін түсініп алуға тікелей мүмкіндік беретін В. Белинскийдің мына пікіріне назар аударған орынды: «Доселе еще не только не было никакой попытки — начертать историю русской литературы со стороны ее влияния на мнение общества, то есть со стороны критики, в обширном значении этого слова; но даже не было и попыток сделать хоть какие-нибудь указания на материалы, необходимые для подобного труда. А между тем этот труд только слегка может казаться легким, а в сущности же он весьма сложен, кропотлив и тяжел. Нужно не только перечисть вполне некоторых писателей, но и рыться в старых и новых журналах».¹

Бұл қиындықтардың бәрін жеңеміз, оқушының іздегенін түгелдей тауып береміз, күрделі мәселенің көбіне тиянақты шешімін табамыз деген ойдан аулақпыз, өзімізше мәнді деп тапқан мәселелерді кейде шола, кейде, мүмкін қадерінше, қазбалай баяндасак, дәлелдеп айтып шыға алсақ, қазақ әдебиет сынының туу, қалыптасу процесінің беленді-беленді кезеңдерін аңғарта алсақ еңбегіміздің еш болмағаны.

Әдебиет сыны әрқашанда көркем әдебиетпен үзегілес дүниеге келеді. Әуелі сын, одан кейін көркем шығарма тұмайды. Көркемдік даму мен эстетикалық талап-талғамның өркендеу процесі бір-бірінен шалғай жатпай, белгілі заңдылыққа сүйеніп, іштей қабысып жатады. Бірақ та олардың уақыт мерзімінде аз да болса ілгері-кейінділік болады. Бұл заңды да. Ал енді көркем әдебиетпен үзегілес дүниеге келген сынның дәрежесі қандай болмақ деген мәселеге кезеңнің талап-талғамы тұрғысынан қарап баға беру керектігін естен шығаруға еш болмайды. Сондықтан В. Белинский «Речь о критике» деген еңбегінде сын сәбилігіне менсінбей қарауды қате, орынсыз деп тауып, қайта оның тәй-тәй басқан қадамын ұқыпты зерттеу керектігін айрықша ескерткен. Ал маркстік әдебиет сынының ең беделді өкілдерінің бірі А. Луначарский өзінің «Русская критика от Ломоносова до предшественников Белинского» деген еңбе-

¹ В. Белинский. Собрание сочинений в трех томах. 1948. 2-том 398-бет.

гінде «Моя цель — проследить возникновение и развитие русской критики, некоторый ее период, который можно назвать детским, а в последней стадии, в лучшем случае — отроческим. Несмотря, однако, на естественную слабость мысли в этот начальный период, его нельзя считать мертвым для нас... он заключает от времени до времени в себе здоровые, плодотворные мысли в элементарном, зачаточном, но все-таки своеобразно-интересном виде»¹ деп тұжыра баяндаған болатын.

Қазақ әдебиет сынының туу мәселесін әңгімелеген кезде үлгі-өнегені «Орыс сынының тарихы» атты монументалды екі томдық еңбектен алған абзал. Авторлар коллективі әдеби мұрадағы сыншылық ой-пікірді ұқыптылықпен жинап, әр кезеңнің эстетикалық талап-талғамының қай дәрежеде болғанына айрықша назар аударған. «Орыс әдебиет сынының арналары» деген көлемді бөлімі «Орыс әдебиет сынының алғы шарттары» және «Әдебиет сынының XVIII ғасырда дамуы» деген екі тарауға бөлініп, Киев Русі заманынан бастап XIX ғасырға дейінгі аралықтағы сын элементі бар материалдардың, мақалалардың мәнділерін түгел шолып, XIX ғасырда әбден қалыптасқан, Белинский, Добролюбов, Чернышевскийлердің еңбегімен дүниежүзілік мәнге ие болған орыс сынының туу, даму, өркендеу процестерін зерттеп, әр кезеңде сындың қандай күйде болғанын, эстетикалық талап-талғамның біртіндеп өсе түскенін, әр заманның өзіне лайықты көркемдік түсінігі болғандығын баяндаған.

В. Белинский орыс әдебиет сынының арғы арналары жайында, әсіресе дворян классицизмі кезіндегі сын туралы айтқанда, мұндай дүниелер «могло существовать только в эпоху стилистики, когда на сочинения смотрели исключительно со стороны языка и слога и восхищались угодною фразою, удачным стихом, ловким звукоподражанием и т. п. Но как все в мире начинается с начала, то и такая критика для своего времени была необходима и хороша, и в то же время не всякий мог с успехом за нее браться, а успевали в ней только люди с умом, талантом и знанием дела»² дегенін қазақ әдебиет сынының туу шағына бағыштауға әбден болады.

Табиғи даму заңдылығы әр қашанда саннан сапаға, ұсақтан үлкенге ауысу, көшу процестері арқылы жүзеге асатынын ескергенде, сын жанрының туып, қалыптасуы

¹ А. В. Луначарский. Критика и критики. 1939, 59—60-беттер.

² В. Белинский. Шығармаларының толық жинағы, VII том, М., 1955, 302-бет.

бұл заңдылықтан тыс қала алмайды. В. Белинскийдің осы пікірінен екі мәселені, атап айтқанда, дүниедегі құбылыстың бәрі де әуелі ұсақтан басталатындығы, екінші — сол ұсақтың өзін тудыруға себепші болатын дарынды күштердің қадір-қасиеті ғана емес, творчестволық дәрмені туралы мәселені еш уақытта санаттан шығарып тастауға болмайтындығын аңғартады.

Әдеби сынның арғы бастаулары мен көркемдік арналарына көз тастаған уақытта еленбей келген өңірлерге барлау жасау қажеттігі айқындала түседі. Оны жалпылама топшылаумен, құр қисындаумен шешуге болмайды. Сондықтан Октябрь революциясы қарсаңында қазақ әдебиетінің туып, дүниеге келгендігін әдеби-тарихи деректермен дәлелдеуге, сәби сынның эстетикалық дәрежесі қандай еді, кадрлары кім еді, нендей ұтыстары мен ұтылыстары болды? деген мәселелерді анықтау үшін сынның қайнар көзіне назар аудару қажет. Сондықтан сын жанрының туу арналарын айқындауда халықтық эстетиканың сырларына, әсіресе қазақтың ұлы ағартушы-демократ ұлдарының — Шоқан Уәлихановтың, Ыбрай Алтынсариннің, Абай Құнанбаевтың сыншылық ойлары мен практикалық істеріне арнайы тоқталған жөн.

Сонымен қатар, сынның басқа жанрдан, әсіресе поэзиядан, табиғи бір ерекшелігі — ауыз екі тарап келе алмайтындығы ғой. Өлең мен ертегілер өзінің негізгі арқауын жоғалтпай, жатталған күйінде ел аралап жүре беретін болса, сында ондай мүмкіндіктер өте аз. Сондықтан ол өзіне тұрақты орын іздейді. Ол орын — баспасөз.

Қазақ тілінде баспасөз орындарының пайда болуы — әдеби сынның тууына себепкер ғана емес, негізгі арнаның бірі. Сондықтан да «Түркстан уалаяты газеті» мен «Дала уалаяты газеті» сынның жанрлық сипат алуына белгілі дәрежеде дайындық болғандығын айтып, оның туу, дүниеге келу процесін «Айқап» журналына сабақтастыра қараған жөн. Өйткені сынның эстетикалық дәрежесі қалаған шамадан шыға бермегенімен, оның жанрлық қасиетін айқындарлық материалдардың көбі «Айқапта» жарияланған.

Әрине, сын жанрының тууы баспасөз орындарына тікелей сабақтасып жатқандықтан ХІХ және әсіресе ХХ ғасырдың бас кезінде жарияланған кітаптардағы сыншылық ойларды тасада қалдыруға болмайды. Сондықтан да жазба әдебиеттің өркендеуі мен қазақ баспасөзінің туу процесіне халықтың эстетикалық талап-талғамын, сыншылық ой-пікірлерін сабақтастыра, байластыра қараған абзал.

ӘДЕБИ СЫН АРНАЛАРЫ

1. Халықтық эстетика

Сынның жазба әдебиетке тән жанр екені, онымен үзенгі қағыса тарихи-эстетикалық сахнаға шығатыны, көркем әдебиеттің бүгінгісіне назар аударып, келешегіне барлау жасайтыны, алынбаған шеберлік қамалдарын нұсқайтыны, жаңалықтың жаршысы болып қана қалмай, қалың жұртшылыққа әдебиеттің әлеуметтік мәнін түсіндіретіні, насихаттайтыны теориялық тұрғыдан анық тұжырымдалған шындықтар.

Алайда әсемдікті танып-білу, оны ардақтау, сұлулықтың сырын ашып, ажарсыздық пен келіссіздікті мінеу сияқты эстетикалық түсініктер халық творчествосына, оның ауыз әдебиетіне жат па? Әрине, жоқ. Жазба әдебиетке дейінгі немесе жазба әдебиетпен үзенгі қағыса дамыған, күні бүгінге дейін өркендеп келе жатқан ауыз әдебиетінде, оның озық үлгі-өрнектерінде эстетикалық талап-талғамның элементтері молынан кездеседі. Мұның бәрі де оқушы мен тыңдаушыны әдемілікті ардақтауға, көркемдікті танып-білуге, ләззат алуға, сұлулықты кәстерлеуге үйретеді де, халықтық эстетиканы қалыптастырады.

Советтік әдебиеттану ғылымы әрбір халықтың ауыз әдебиетінің өсіп-өркендеу заңдылығын зерттеп, оның әлеуметтік-эстетикалық нәріне айрықша мән беруде. Сын жанрының туу, даму жолдарына назар аударған уақытта халықтық эстетиканы сыншылық ойдың бастауы деп танып, халықтың көркемдік түсінік-танымы мен талап-талғамының өресін анықтауда.

«Орыс сынының тарихы» атты монументальды екі томдық еңбектің бірінші тарауы «Орыстың әдеби сынының бастаулары» деп аталып, ауыз әдебиетінің үлгілері мен діни

шіркеу кітаптарындағы ой-пікірлер тәптештей баяндалған: «Наличие критического элемента несомненно, уже в фольклоре на самых ранних стадиях его развития. Известно, что народ на протяжении веков отбирает, шлифует и хранит самое лучшее из созданного им. Это значит, что существует постоянное критическое, эстетическое и этическое суждение народа, существует постоянно действующая оценка художественного произведения.

Можно, таким образом, утверждать, что развитие народного искусства происходит под воздействием активного критического процесса творящей и воспринимающей народной массы. В свою очередь такие художественные произведения формируют каноны народной эстетики, проявляющейся в различных сферах народного искусства, в том числе и словесного»¹.

Халық творчествосын, әсіресе оның эстетикасын арнайы зерттеп жүрген ғалым В. Е. Гусев өзінің «Эстетика фольклора» деген құнды монографиясында «В фольклоре народ не только утверждает свой эстетический идеал, но и отрицает средствами эстетической критики такие явления действительности, которые противоречат представлениям трудящихся масс об истине, добре, красоте, о возвышенном и героическом. Это отрицание может выражаться в разных формах эстетического отношения к действительности»² деп ой түйсе, Белоруссияның ғалымы И. В. Гуторов «Истоки литературоведения относятся к глубокой древности, когда зародились первоначальные формы устно-поэтического народного творчества и появились первые попытки их осмысления, применения, оценки»,³ деп табады.

Ал XX ғасырдағы әзербайжан әдебиет сыны туралы көлемді монография жазған Камал Талыбзада өз еңбегінің өн бойында, әсіресе «XX ғасырдағы әзербайжан әдебиетінің тарихи көздері» деген тарауында, халық бар жерде творчество бар, ал сол творчество туралы халық өз ой-пікірін әрдайым білдіріп, айтып отырады, сондықтан да сыншылық көзқарасты кітаптан, мақаладан ғана іздеу, халықтың көркемдік танымына жай ғана ілтипат білдіріп қою дұрыс емес, оны тиянақты зерттеп, әдебиет сын жанры-

¹ История русской критики. М.,—Л., Изд. АН СССР. 1958. том I, 25-бет.

² В. Е. Гусев. Эстетика фольклора. Л., «Наука» 1967. 301-бет.

³ И. В. Гуторов. Основы советского литературоведения. Минск. Изд. «Высшая школа», 1967. 6-бет.

ның қалыптасуына оның тигізген әсерлерін айқындап отыру шарт¹ деп тапқан.

Жоғарыда келтірілген цитаттар мен ойлар қазақ әдебиеті сынының туу және қалыптасу процесін зерттеген уақытта әрдайым есте болғаны абзал. Сын материалдары саф алтындай таза күйінде тұтас кездесе бермейтіндігін ескерте отырып, халықтың эстетикалық талап-талғамының қандай бел-белестерден өткенін, қандай асуларға көтерілгенін, қалай қалыптасқанын, жазба әдебиетке қалай ұласқанын аңғарып алған орынды.

Сондықтан да талай ғасырдан бері бір халықтың рухани азығы болып келген ауыз әдебиеті жарқын болашақты аңсаған елдің эстетикалық мұратын (идеалын) қалыптастырып қана қоймай, елдік пен ерлікті, әсемдік пен сұлулықты, әділдік пен жақсылықты ардақтауды, қадірлеуді, жалғандық пен жамандықтан, зорлық пен зомбылықтан, ажарсыз бен көріксіздіктен жиренуді үйрету, насихаттау арқылы халықтың эстетикалық талап-талғамын қалыптастырған. Осындай үлгі-өнегесі бар ауыз әдебиетінің көне дәуірде ғана емес, бүгінгі заманда да творчестволық ықпалдан арыла қоймағанын естен шығармаған жөн.

Бұл мәселеге эстетикалық тұрғыдан ғана емес, «экономикалық» тұрғыдан көз тастаған уақытта мынадай шындыққа тап боламыз. Соңғы жылдары әр қайсысы үш том «Батырлар жыры» 78 мың, «Қазақ ертекттері» 50 мың, «Айтыс» 20 мың, Шығыстың классикалық «Мың бір түнінің» төрт томы 95 мың данадан басылып шығып, тез таралу фактысы нені аңғартады?

Балалар бақшасындағы сәбилер мен мектеп шәкірттерінің халық ертекттерін ынта қойып, құныға тыңдайтынына, оқитынына, жас шағында алған әсерлердің есейгеннен кейін де есінен шықпайтынына социологиялық талдаулар жасаса қандай эстетикалық көріністерге тап болар ек?

Жастар тәрбиесі, әсіресе олардың эстетикалық талап-талғамының қалыптасуы жайында қызықты әңгіме шерткен Сергей Михалковтың «Без некоторых книг, не пережитых в детстве и отрочестве, сущность человека со всей его психологией останется грубой и неотесанной».

Какие же это книги? Прежде всего — сказки! Сколько в них поэтической прелести, художественного совершенства!

¹ Камал Талыбзада. XX эср Азәрбаїжан әдеби тәнгиди. (1905—1917-чи иллар). Азәрбаїжан ССР илмлар академиясы нәшриаты. Бақы 1966. 12-бет.

Народные сказки всегда служили изумительным средством воспитания, развивали чувства справедливости в человеке, ненависти к злу. Вспомним Пушкина, который, уже знаменитым поэтом, с удовольствием слушал сказки няни Арины Родионовны»¹ деген пікірін ілтипатқа алмасқа бола ма?

Халық даналығының құдіретінен туып, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін білдіретін мақал мен мәтелдердің өміршендігін, жиі қолданылатындығын, оның эстетикалық қуаты мен қауқары, әсері мен ықпалының молдығын қалай түсінуге болады?

Күні бүгінге дейін ақын-жыршылардың жүрген жері ойын-думанға айналатыны, жыр шертіліп, ән әуенінің аспанда қалықтайтыны несі? Өнер сайысына, ақындар айтысына айрықша ілтипат білдіріліп, қалың көпшіліктің өнерліні қошеметке бөлейтіні қалай? Соңғы уақытта үйлену тойында жаңа мазмұнды жар-жар айтылып, «Беташардың» жаңа формалармен көрінуін қалай түсінуге болады?

Бұл мәселелердің басым көпшілігі әлі күнге дейін қазақ әдебиеттану ғылымында не социологиялық, не эстетикалық тұрғыдан терең зерттеліп, мән-мағнасы мен сыр-сипаты ашылған емес. Халықтық эстетиканың көп мәселелері қағаберісте қалып келе жатқан жайы бар. Біз соның бір ғана саласына, атап айтқанда халықтық эстетиканың ауыз әдебиеті үлгілерінен көрінуіне назар аудармақпыз, және де оны сыншылық ой-пікірдің ояну процесіне жанастыра қарамақпыз.

Басқа халықтар сияқты, қазақ елі де көне заманнан бері сұлулық пен әсемдікті айрықша ардақтай білген. Оны сөз өнерімен қастерлеген. Көрік пен келбеттің, шынайы сұлулық пен асқан әсемдіктің тамаша үлгісі «Қыз Жібек» жырындағы көш суреттерінен анық аңғарылады. Қыз Жібекті іздеп келе жатқан Төлегеннің талай көшке жетіп, қыз дидары мен қылығына көз салған тұстарына назар аударыңызшы.

Көш алдына қараса
Бір қыз кетіп барады,
Шытырма көйлек етінде,
Нұр сәулесі бетінде,
Бұралып кетіп барады
Перінің қызы секілді,—

дегендегі сипаттау келешектегі әсем де ажарлы суреттердің эстетикалық биігін өрлендіре берген.

¹ Сергей Михалков. Все начинается с детства. Изд. «Детская литература», 1968. 15-бет.

Толған айдай толықсып
Ақ сазандай бұлықсып...
Алтынды қамшы қолға алып,
Әбжыландай толғанып,
Бұралып кетіп барады
Жын соққандай теңселіп,

дегендегі сөз бояулары нақты портрет жасауға қажетті қимыл, әрекеттер мен детальдарды аңғартады. Осындай он бір көштен өткен Төлеген:

Көш алдына қараса
Бір қыз өтіп барады
Орта бойлы, дембелше,
Алтынды қамзол жегдеше,
Шын сипатына қараса
Бұрынғы қыздан өзгеше
Алтын шыны кеседей
Екі көздің шарасы.
Бейіште жанған шамшырақ
Көзінің гауһар қарасы.
Туған айдай иілген
Екі қастың арасы.
Сымға тартқан күмістей
Он саусақтың саласы
Сондай-ақ боп туар-ау
Адамзаттың баласы,—

дегенде, сөз бояуы кірігіп, адам келбетінің нақты портреті жасалған. Қыз көркі көз тартады. Бұдан да асқан сұлу болар ма деген ой үйіріле бергенде, Төлеген мен Қаршыға ілгері тартып, жаңа бір көшке жетеді. Жыр әуені өз тыңдаушысын әсемдік пен сұлулықтың буына әбден жығып алған соң, әсірелеудің ең бір биік деңгейіне көтеріліп, кілт бұрылады. Көш алдында нұр жүзді бәйбіше, яғни Жібектің анасы кетіп бара жатқанын, айыбы қартайғандығы болмаса, салдығы мен қылығы әлгі қыздардан асып түскендігін жыр өрнегіне өріп, оқушы мен тыңдаушыны сұлулықтың ажарлы құбылысына құмарттырады, әсемдікті ардақтау, ләззат алу сезімін күшейте түседі.

Осындай ажарлы көрініс, шынайы әсемдіктің әр алуан құбылысына жығыла берілген оқушы енді өз қиялына ерік беріп, Қыз Жібектің сұлулығын көңіл көзімен шамалайды. Өзінің көркемдік танымында әсемдік пен сұлулықтың айдарлы ажарын көргендей болып түйсінеді. Міне осындай суреттеулер халықтың көркемдік таным-түсінігін, эстетикасын қалыптастырмады дегенге кім сенеді?

Мұны ажар, көрік, сұлулықты тану, сезіну саласы деп

тапқанда, енді қимыл әсемдігін, іс-әрекет жарастығын Тай-бурылдың шабысынан көреміз.

Шырағым Бурыл, шу,— деді
Құбылып Бурыл гуледі.
Табаны жерге тимеді
Тау мен тасты өрледі...
Көлденең жатқан көк тасты
Тіктеп тиген тұяғы
Саз балшықтай иледі...

Осы суреттеудегі қимыл әсемдігі мен жарастығы, әсірелеудің күштілігі мен нанымдылығы халықтың эстетикалық талап-талғамының қалыптасуына әсер еткенін байқамасқа бола ма? Болмайды. Сөз өнерімен жасалған осындай тамаша суреттер, көрікті келбеттер, ажарлы әсемдіктер талай ұрпақтың көркемдік танымын тәрбиелеп, жетілдірді, қалыптастырды.

Сынның негізгі мақсаттарының бірі — ажарсыз бен келіссізді мінеу ғана емес, ең алдымен адамның жан дүниесін, талап-талғамын әсемдік пен сұлулыққа, ізгілікке тәрбиелеу болса, онда ауыз әдебиетіндегі талай тамаша дүниелердің түр-келбетіне, мән-маңызына қалайша назар аудармай кетпекпіз?!

Ерлік пен ездік, адамшылық пен зұлымдық, жақсылық пен жамандық, достық пен қастық, адалдық пен опасыздық, баяндылық пен тұрақсыздық, саналық пен санасыздық бір-бірімен қашаннан бері арпалысып келе жатқаны жөнінде қазақ әдебиетінде ғибратты шығармалар көп. Халық оны әшейін ермек үшін шығармағаны аян. Демек, халық оларды шендестіре отырып, бірін сынап, бірін ардақтай отырып өзінің көзқарасын білдірген, көркемдік мұратын танытқан. Міне, сондықтан да халықтық эстетиканың әдеби сынның арғы бастауы, қайнар көзі болатындығы осыдан.

Фольклордың қай туындысын алсақ та ғибрат берерлік, жөн-жоба мен үлгі-өнеге көрсетерлік қасиеті мол. Мұның бәрі де халықтың қалыптасқан көзқарасын танытады да, келешек ұрпақты тәрбиелеудің эстетикалық құралы деп тануды қажет етеді. Тіпті тұрмыс-салт жырының бір саласы — Беташардың мәніне назар аударыңызшы. Қайын жұрттың бар адамын мінездей, сипаттай келіп, жас келінге олардың әрқайсына қандай сый-құрмет көрсету керектігін айтқанның өзінде, тіршілікке қажетті іс-әрекеттерді түсіндіру жағы басым емес пе? Демек, мұның өзі тек дидактикалық сипат алып қана қоймай, ғасырлар бойы тәжірибеде

сыналған шындықтарды іріктеп, сұрыптап айтуға негізделді де, эстетикалық мәнге ие болады. Нені айтып, нені айтпаудың өзі творчестволық саралаудан (отбор) өтіп барып, белгілібір көзқарасты білдіреді, яғни халықтың сыншылық ой-пікірі көрініп қалып отырады.

Қазақ әдебиетінде адамның жас мөлшеріне байланысты өлеңдер өте көп. Адамның тууы, өсуі, өлуі — табиғат заңы. Бірақ та халық санасы адам өмірінің әр кезеңіне әрқилы сипаттама беріп, сәбилікке мәз болады, жігіттікті айрықша қадірлеп, кәрілікті сықақтайды. Ненің жақсы, ненің жаман екенін саралайтын көзқарас бар.

Он бес деген жасым-ай
Жарға ойнаған ылақтай.
Жиырма деген жасым-ай
Көлге біткен құрақтай.
Отыз деген жасым-ай
Таудан аққан бұлақтай.
Қырық деген жасым-ай
Қырымға да көз салған
Байлаулы тұрған құр аттай.
Елу деген жасым-ай
Қайтып көшкен ел екен.
Алпыс деген жасыңыз
Күзгі соққан жел екен.
Жетпіс деген жасыңыз
Қап-қараңғы түн екен.
Сексен деген жасыңыз
Қазулы тұрған көр екен,—

деп Шал ақын адам өмірінің әр кезеңін сипаттап өтсе, Дулат ақын өзінің алпыстарға келген кезінде өткен өмірін іздестіріп, алдағы жасқа ілгерілегісі келмейтінін анық сездіреді.

Отыз кеттің алыстап
Толықсыған сынаптай,
Отыз бес неге келмейсің
Көп іздетіп жылатпай?
Қырық астың кезеңнен
Суырған қыннан қынаптай
Қырық бес шықтың кезеңге
Маң-маң басып бұла аттай.
Елу қондың ауыл-үй
Тізгіндеп ұстап құлақтай.
Алпыс келдің арсандап
Нөсер жауған ылаттай.
Жетпіс қараң көрінді
Тұрсам-дағы ұнатпай.
Сексеннен алған хабардың
Ызғары тұр шыдатпай.
Көргім келмес тоқсанды

Келіндерге сынатпай.
Жүз, сірә, мені қоймассын
Қараңғы көрге құлатпай

Бұл цитаттар халықтың өз өміріне, оның әр кезіне қалай қарайтындығын ғана емес, әр жасты жырлаудың өзінде сөз бояуын, құбылтып, оқушы, тыңдаушыға әсер етудің айла-амалдары бар екенін көрсетеді. Мазмұн өзіне лайықты түр іздеп, әрқилы нақышпен көрінеді де, халықтың ненің жақсы, ненің жаман екенін саралауына мүмкіндік жасайды. Жазба поэзиямызда Сұлтанмахмұттың «Адасқан өмір» атты поэмасының «Мен бала», «Мен жігіт», «Мен тоқтадым», «Мен кәрі», «Мен өлік» деген тарауларға бөлінуінен, оның сипаттауларынан да біз осыны көреміз.

Сонымен, ауыз әдебиетінің қай үлгісі болмасын халықтың эстетикалық, сыншылық көзқарасы мен парасатын танытып отырады. Өйткені, көркемдіктен ләззат алу, әсемдікпен сұлулықты ардақтау, озық үлгі-өнегеге бастап, жамандықтан жирендіріп отырудың өзі халықтық талап-талғамның жемісі, сыншылық көзқарастың нышандары.

Әрине бұлардың бәрін әдеби сынның түбегейлі міндеттеріне икемдеу, не оларды мүлде елемеу жол емес. Осы реттен келгенде фольклорлық шығармалардың ішінде сынға іш тартатын етене жақындары барын естен шығармаған абзал.

Қазақ ауыз әдебиетінің ең көне және мол түрлерінің бірі, ХІХ ғасырда айрықша өркендеп, құлашын кеңге жайғаны — айтыс жанры, М. Әуезовтың сөзімен айтқанда, «өлең жарысы, өнер жарысы». Айтыс — ақынның сынға түсетін майданы. Демек, өнердің қадір-қасиетін айқындап тану үшін белгілі бір эстетикалық критерий болуы шарт. Бұл мәселе айтыс жанрын зерттеушілердің назарынан тыс қалмаған. М. Әуезов «Ақындар айтысы — көпшілік алдында, тыңдаушы, сыншы жұрттың көз алдында туып, орындалады. Мұнда тыңдаушы жұрт құр естіп қана қоюшы емес. Ол бір жағынан айтысушылардың сөздерін сынаушы, қорытушы болып отырады. Ақындардың бірі жеңіп, бірінің жеңілгеніне төрелік айтушы да сол жиынның өзі болады»,¹ — деп тұжырымдаса, әрбір ақынның дарын қуатын айқындау, тану мәселесі жайында С. Мұқанов «халық ақынды жынысымен емес, талантымен, сөзімен бағалайды. Ақындық талантын көзге көрсетіп, аузынан асыл, ақылды, көркем тоқтау

¹ М. Әуезов. Айтыс өлеңдері. Қараңыз: Қазақ әдебиетінің тарихы. I том, I кітап, 1960. 673-бет.

лы сөз шыққан ақынды халық... бағалайды. Айтыста озған ақын халық алдында ақындыққа мандат алады. Бұл мандаттың жазылатын қағазы — халықтың жүрегі»,¹— деп қорытады.

Қызу айтыс үстінде ағыл-тегіл келген өлең шумақтары ақындық қиял-шабыттың ғана жемісі емес, әлеуметтік шындықтың сыртқа шыққан көрінісі. Сөйтіп творчестволық саралау принципі бой көрсетіп, көркемдік ажар табады. Сондықтан да ақындықтың сыр-сымбаты мен психологиясын арнайы зерттеп, монография жазған Е. Ысмайыловтың «Ақын өмір шындығын қаншалық көркемдік бейнемен қабылдап танитын болса да, оның түпкі реалдық негізі ақынның саналы ойынан мықтап орын алады. Сондықтан шапшаң айтыс, суырып салып жырлау үстінде түйдек-түйдегімен айтылатын өлең, жыр санадан тыс, тек сезімнің, шабыттың ғана жемісі емес, ақынның саналы, образды ойының түйінді, жинақты көрінісі»,²— деген тұжырымды ойы айтыс жанрының сыр-сипатын аңғарып алуға мүмкіндік береді және ақындар айтысын сарапқа салып, эмоциялық тұрғыдан іштей түсіне білген халықтың эстетикалық талап-талғамының жетілгендігін, қалыптасқанын танытады.

Халықтық эстетиканың мәнді талап-талғамдары мен критерийлері ел ақындарының айтысынан, олардың бір-біріне айтқан сын пікірлерінен анық байқалып қалып отырады. Ақындар тек сұлулықты ғана қастерлемей, айтысқан ақындар түр-келбетті, әлеуметтік о жарлық пен зорлықтарды, қоғамдық кем-кетіктерді де айтып, өздерінің өнеріне де көз қырын тастап отырады. Ақындықты ардақтап, ажарлы сөз бояуы мен образды теңеулерді қастерледі.

Халық творчевствосындағы айтыстардың көбінде тілек айту, ықлас білдіру сияқты эстетикалық моменттер жиі ұшырасып, оның өзі сөз қадірін бағалауға ауысып кететінін байқаймыз. Әшейінгі қағытпаларда:

Жүз толқытып жібектей өлеңді айт,

немесе

Сусындайық өлеңнің тұнығынан

немесе

Өрелі өлең төркінін шамаладым,

деген сияқты өлең жолдарынан тілек білдіру сыңайы жиі кездеседі.

¹ С. Мұқанов. Айтыстар туралы. Қараңыз. Айтыс, I том, 1965, 15—16-беттер.

² Е. Ысмайылов. Ақындар, 1956. 32-бет.

Ал енді ақындардың айтысында «жиын топта суырып салма ақындық өнерімен, ән думанымен қадірлі болған ақын өз басын бағалай сөйлеуді, қарсы ақынды кішірейте сөйлеуді тәсіл етеді. Ол тартыс-жарыстың шарты есепті. Тыңдаушы жұртшылыққа өз өнерін таныстырады. Ақын ең әуелі өз сөзінің бағасын жоғары көтереді... қарсы ақыннан астам болып түсуге тырысады»¹. Міне бұл тәсіл сөз өнерінің сипаты туралы халықтың эстетикалық түсінігін айқындап, белгілі талап-талғамды қалыптастыруға себепші болады.

Өлеңге бейсауат сөз қосамын деп,
Қалтырап топ ішінде пақыр болдың

не болмаса

Көсілген көмекейің ақын емес,
Суындай сөзің нәрсіз шалшық көлдің,—

деген жолдарда бірін-бірі сынай кеміту ниеті басым екенін көреміз. Жамбыл мен Құлмағамбет айтысындағы:

Болғанда мен ақ сұңқар, сен бір тауық,
Сен әтеш айғайлағыш ауық-ауық.
Болмаса аты шыққан Сүйінбайың,
Басқасын кою керек жылы жауып.
Ажал түртіп жүрмісін аңдамастай,
Оқтаулы ақ беренге қарсы шауып,—

дегенінде, Әсет пен Ырысжан айтысындағы:

Айыр көмей, жез таңдай, қаусырма жак,
Алты арысқа білінген әкең менмін,
Сөз тамырын байқарсыз тартысқанда
Жығылмай түзу кетсең, ақын дермін,—

дегеннің бәрі де қарсылас ақынның сағын сындыру мақсатын көздеумен қатар, өлеңге қанша мән берілетінін, сөз құдіретін айқындайды. Осының ең озық үлгілерін Біржан сал мен Сараның айтысынан анық байқаймыз.

Біржан мен Сараның алма-кезек қағыстарында от шашып, найзағайдай жарқылдаған сөз өрнектері мен бедерлері өзінің образдылығымен ғана емес, эстетикалық нәрімен құнды. Сондықтан олардың өнер тартысы халықтық эстетиканың негізгі критерийлерін де аңғартып отырады.

Әрбір ақын өзін көтере сөйлеген уақытта ойлы, ажарлы сөзге халықтың қаншалықты мән беретінін ескеріп отырады.

¹ Қазақ әдебиетінің тарихы. I том, I кітап, 1960. 689—690-беттер.

Сайраған орта жүздің бұлбұлымын,
Арғынның Алтай, Қарнық ақтанкері,
Барабар сөзі теңдес адам болса
Көңілімнің тарқаушы еді қайғы-шері...
Алтын менен күмістің нақысындай
Міні жоқ бізден шығар сөз бедері,—

дегенде, образды сөзді эстетикалық талғам тұрғысынан түсіну жағы басым. Осындай сөз күдіретіне табынған, оны аспанға көтерген Біржанға Сара оралымды жауап бермесе, айтыс та болмас еді. Міне сонда Сара:

Данышпан білгіш қой деп ойлаушы едім,
Арғын да айтады екен жоқты мақтап.
Найманда екі жүзді наркескенмін
Желкенді қимақ үшін қойған сақтап
Тозаңың анда-санда бір бұрқ етер
Саулатсам қызыл тілді екі жақтап,—

деп жауап қайырғанда, Біржан «әннен өрнек» өрген ақмарал. Алтайдың мергеніне кез келдің, кәне жығылмай кет деп үлкен өнер сайысына жетектейді. Сара да бөтен сөзбен айтыс шырқын бұзбай, өнер еліне беттеп:

Өленді қолқа қылсаң ағытайын
Самарқан жібегіндей оннан өріп,—
Әшейін сыпайы деп қимай тұрмын,
Көзіңді төрт қылар ем иттей керіп,
Сөзбенен жеңемін деп ойламаңыз
Бір жерде мүдірер деп, көңіл бөліп,
Жүз Жанақ, он Орынбай жолдас алсаң,
Мен кепіл сен жеңілмей тұрмасыңа.
Санаң болса осымен тоқта, Біржан!
Арғынды бос қаздырмай ұрғашыға,—

дегеннен соң, Біржан Сараны тағы да шын өнердің арнасына тартып, соны әуенмен өзінің өнерін таныстырады.

Ой желке, қамыс құлақ, қара көкпін,
Тұнықтан жүзіп ішпей қанбайтұғын...
Әнімді он екі звод жіберейін
Есінен өле-өлгенше қалмайтұғын,—

деп, өнерге Рүстем — Дастандай екенін айтқанда, Сара да өрлеп салып, өзін бұлбұлға теңейді. Даусына аспандағы аққудың айналғанын өктем әуенмен жеткізеді. Сол уақытта Біржан:

Шіркін-ай, мұндай жүйрік туармысың
Сөйлейсің алтындай қып сөздің жезін,—

деп айрықша ардақтай келіп, Сараның өзіне өзі берген ба-

ғадан да асыра мақтап, өнеріңе дауым жоқ, күйеуіңді көрсет:

Шыбықтай жігіт шығар өңі нұрлы
Өнері өзің теңдес сегіз қырлы.
Шеберден мін алатын мініскерсің,
Ер шығар тоты құстай неше түрлі,—

деп Сараның мысын құртады. Сөйтіп екі ақын «екі жақсы бір жерге қосылмайды» деген халық даналығына бағып, өнердің, өнерпаздықтың ауыр халын паш етеді. Бірін-бірі жеңу, мұқату ойынан енді аулақ тартып, халыққа керек өнерпаздың қор болғанын айтады да, Біржан Сараның ақындық дарынына бас иіп:

Бір басты адам болмас сенен өнерлі,
Айбатың ғаламға айқын ай бедерлі.
Садаға тырнағыңнан кетсін, Сара,
Сан жүйрік көріп едім мен нелерді!
Қылайын көп ұзатпай сөзді қысқа
Өлеңге жан көрмедім мұнан ұста
Аты ұрғашы демесең қарындасым
Адамның артығы екен осы тұста.
Шынымен баптап күнде дауға салса
Ілеспес ақын түгіл, ұшқан құс та,—

деп мінездеме беруінің өзі өнерді тану, оны қадірлеудің эстетикалық астарын аңғартып, сыншылық ой-пікірмен қо-сақталып, сабақтасып жатқанын аңғармасқа болмайды.

Біржан мен Сараның айтысы ақындар айтысының ішіндегі ең классикалық үлгісі және өнердің қасиетін айрықша ардақтаған тамаша туынды болғандықтан, біршама көбірек тоқтауға, үзінділер келтіруге тура келді. Өнер сынасу, сөз ажарын қадірлеу, ақындық дарынға бас ию қай айтыстан болса да кездеседі. Сондықтан оның әрқайсысынан үзінділер келтіріп жатпай, тек кейбіреулерінен өзіміздің ойымызды бекіте түсетіндеріне назар аударайық.

Қазақтың ақындар айтысындағы сыншылық ой-пікірлер мен көзқарастың жаңа бір соны сілемдерін Сыр бойы ақындарының айтысынан байқаймыз. Олар көбіне жазысып айтысқандықтан және екеу ара емес, бірнеше адам араласып сөз сайысына түскендіктен жазба поэзияның сілемдерін ғана емес, эстетикалық сынның да элементтерін байқап қаламыз. Шығыс дәстүрінің ықпалдары, көбіне сюжетті әңгіме-аңыздары, жұмбақтары араласып, оның шешуін іздеу де, сондай-ақ өздерінің өнерін сынауы да, ақындарға төрелік айту да айтыстың жаңа бір түрі ғана емес, халықтық эстетиканың бір парасы болып көрінеді. Ол айтыстар

тарихта аты бар ақын Шораяқтың Омары, Ізтілеудің Тұрмағанбеті, Кете Жүсіп, Таубайдың, Қанлы Жүсіптердің өз ара қағысуынан туып, әлеуметтік-эстетикалық мәселелерді қозғап отырған.

Шораяқтың Омары Ботабайдың Әбішіне мін тағып, басшы болсаң ақылды бол, сөздің нарқына түсін деген уақытта, Таубайдың Жүсібі Әбіштің «намысын» қорғап, Омарға тиіседі:

Болды ғой шайырлығың халыққа мәлім,
Жүйрік те заманында озған топтан!
Ұялмай ұйқас сөзге мәз болатын
Өтпеген бала емессің балиғаттан,—

деп мінегенде, Ыбраш Ержанұлы Омарды жақтап жауап жазады. Оның ақындық өнерін місе тұтпаған Жүсіп:

Әбият, жазым, газел, бәйіт, мұхаммас¹
Мазмұнын көріп едім бір талайдың.
Кітаптың, не қазақтың ұйқасына
Келмеген екісі боп бір ыңғайдың.
Шарлапсын сөз көшесін шамадан сырт,
Қырық құрап қиындысын қиқымдардың
Термесі иә өлеңіне ұқсамайды
Қырғыз бен қарақалпақ, сарт, ноғайдың.
Білмеймін орыс назымы бола қойса,
Ұзынды-қысқалысы осындайдың,—

деп өлең ұйқасын сынап, оның ешбір жөн-жобаға келмейтінін, өзінің әр ел поэзиясына көз салып отырғанын аңғартады. Мұндай шумақтан сынның элементтерін бірқыдыру мол кездестіреміз. Кете Жүсіп, Қанлы Жүсіп, Нақып қожаның жазбаша айтысы бірнеше жылға, яғни 1908 жылдан 1915 жылға дейін созылып, айтысушы үш ақынға кейде жарастыру, кейде от беріп тұтату, кейде билік айту мақсатымен Кеңесбай Сүйінішбайұлы, Аппаз Жарасбайұлы, ақын Тұрмағанбет, Керейіт Даңмұрын, Мықан Балтекейұлы, Мансұр Бегежанұлы араласқанда, екі Жүсіпті Тұрмағанбет татуластырып, айтысты тоқтатқан екен. Әрине, олардың ұзақ айтысуы да, көп ақынның араласуы да, сонымен қатар осы айтыста бір-бірінің өлеңін сынау ниетінің сезіліп отыратыны да ойланарлық құбылыс. Кете Жүсіп өзінің екінші қайтарған жауабында:

Екі «ұят» бір орында қате түсіп,
Сөзімді халық сынапты болған алжас.
«Гүл» мен «бақ» бір орында төрт айтылып,
Кеткен жоқ кеңесіңнен келмей ұйқас.

¹ Шығыс поэзиясындағы өлең түрлері.